



Құрылыс қарқыны бәсеңдемейді

«Қолжетімді баспана – арман емес, біздің азаматтарымыздың алдындағы міндетіміз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президенттің тапсырмасына сәйкес, былтыр Қазақстанда 18,96 млн шаршы метр тұрғын үй салынды. Бұл – Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері тұрғын үй құрылысындағы рекордтық көрсеткіш. Аймақ көрсеткіші – 540,326 мың шаршы метр. Былтыр салынған 5006 пәтер алдыңғы жылғымен салыстырғанда 118,8%-ға артық. Биыл да осы межеден төмендемей, 545 мың шаршы метр болатын 500-ден астам тұрғын үй салу жоспары бар.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Е-Кезекте ақпараттық жүйесінің деңгейіне сүйенсек, бүгінгі таңда облыста 33 233 адам тұрғын үй кезегінде тұр. Оның 22 361-і әлеуметтік аз қамтамасыз етілген отбасылар санатына.

Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында кезекте тұрғандардың тұрғын үй мәселелерін шешуге бағытталған шаралар қолға алынған. Мәселен, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз отбасылардың баспана жалдау ақысы субсидияланады. Әлеуметтік аз қамтамасыз етілген отбасыларға Заң талаптарына сәйкес, баспана кезекпен сатып алу құқығынсыз жалға беріледі. Бұл ретте, басымдық жалға берілетін тұрғын үйдің жалпы көлемінің кемінде 20%-ы сатып алу құқығынсыз жетім балалар мен көпбалалы отбасыларға жасалған. Сонымен бірге, «Отбасы банкі» АҚ арқылы кезекте тұрғандарға әлеуметтік мақсаттағы тұрғын үйді сатып алу үшін 2%-5%-бен жеңілдетілген қарыз беріледі. Ол бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, көпбалалы отбасылар мен жетім балаларға берілетінін атап өту керек.

Қарағанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының дерегінше былтыр пайдалануға берілген 5006 пәтердің көбісі, 4613-і – көпқабатты тұрғын үйлер, жеке тұрғын үйлердің саны – 393 пәтер. Қаржыландырудың басым бөлігі коммерциялық үйлерге берілген, 4 044 пәтер. Мемлекеттік баспана – 569. Биыл берілетін тұрғын үйдің 100 мың шаршы метрден астамы, яғни, 1 145 пәтер – мемлекеттік тапсырыс. 73%-ы – 3 584 пәтер – коммерциялық.

Тұрғын үй құрылысының қарқыны бәсеңдемеуі үшін былтыр жылға 4,3 млрд теңге көлемінде қаражат бөлінді. Оның ішінде, дайын арсеналдық тұрғын үйді сатып алу үшін 3,6 млрд теңге республикалық бюджеттен бөлінген. Сондай-ақ, тұрғын үйлерге тартатын инже-



нерлік-коммуналдық инфрақұрылым құрылысы үшін облыстық бюджеттен 0,7 млрд теңге бөлініп отыр.

Өткен жылды Қазақстанның тұрғын үй саясаты үшін бетбұрыс кезеңі деуге болады. Қараша айында Президент «Тұрғын үй заңнамасын реформалау туралы» Заңға қол қойды. Ол азаматтардың тұрғын үй жағдайын жақсартуға мемлекеттік қолдау көрсету тетіктерін жетілдіруге бағытталған. Реформа тұрғын үй алу кезегіндегі азаматтарға баспана беру процесінің ашықтығын арттыру мақсатында жүргізілді. Жаңа заң жобасына сәйкес мұқтажтар арасында тұрғын үйді бөлудің жаңа тәртібі тіркеуге тұру мерзімі мен табыс деңгейіне байланысты жүзеге асырылады. Кезекте көптен тұрғандар басымдық алады.

Кезекте тұрған адамға табыс деңгейіне қарай субсидияланған жалдау, жалға берілетін тұрғын үй немесе «Бақытты отбасы», «Шаңырақ», «Отуау» және «Наурыз» сияқты жеңілдетілген ипотекалық несие түріндегі мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі.

Одан бөлек, азаматтардың әлеуметтік жағдайын ескере отырып, сегіз санатқа, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне және оларға теңестірілген ардагерлерге, жетімдерге, көпбалалы отбасыларға, 1-ші және 2-ші топтағы мүгедектерге, мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне және жесірлерге жалға берілетін және несиелік тұрғын үй беруде басым құқықтар айқындалған.

Былтыр облыста түрлі қаржыландыру көздерінен 855 адам мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспаналы болды. Оның ішінде, әлеуметтік аз қамтамасыз етілгендер санатынан – 374 адам, көпбалалы – 227 отбасы, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған – 137 адам, бюджеттік ұймдардың – 90 қызметкері, апаттық үйде тұратын 27 адам баспанаға қол жеткізді.

Биыл елде 19 млн шаршы метр немесе 175 мың тұрғын үй, 2029 жылға қарай 111 млн шаршы метр салу жоспарлануда. Баспана – жұрттың тұрмыс сапасын танытатын маңызды көрсеткіш. Сондықтан, әр қазақстандықтың өз шаңырағында өмір сүруі үшін мемлекет бұл бағыттағы жұмыстарды тоқтатпайды. Президент айтқандай, тұрғын үй саласын реформалау жалғасын табады.

РЕСМИ

Жұмыссыздар МӘМС аясында емделе алады

Денсаулық сақтау министрлігі әзірлеген міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы Мәжіліс депутатының талқысында. Ол қабылдана, жұмыссыздар медициналық сақтандыру аясында емделе алатын болады.

Заң жобасы бағыттарының бірі – жұмыссыздар мен әлеуметтік дағдарыс деңгейіне жататын азаматтар үшін МӘМС қорына жарнаны жергілікті бюджет есебінен төлеу мәселесі. Ел бойынша мұндай санатта 1 миллионнан астам адам бар екен. Заң қабылдана, осындай адам үшін медициналық көмек қолжетімді болмақ.

Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының филиалы ұсынған деректерге сәйкес аймақта жұмыссыз ретінде тіркелгендер саны – 14 мыңнан асады. Сақтандырылғандар саны – 953 855, сақтандырылмағандар үлесі – 179 851 адам.

Жалпы, заң жобасы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетін ұлғайтуды көздейді. 2027 жылға қарай кепілдендірілген көлемдегі тегін медициналық көмек пакетін екі есе, яғни 57%-дан 32%-ға қысқартып, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетін 68%-ға ұлғайту жоспарланған. Сонымен қатар, жұмыс берушілер мен жұмысшылардың МӘМС қорына төлейтін жарнаның жоғары шегін 10 еселенген мөлшерден ең төменгі жалақыдан 50 есе арттыру қарастырылған. Яғни, жоғары жалақы алатындар жарнаны көбірек төлемек. Мысалы, қазір 1,5 млн теңге жалақы алатындар 17 мың теңге төлесе, келесі жылдан бастап 30 мың теңге аударуға міндеттеледі. Табысы жоғарылардың сайын жарна мөлшері де өседі. 3 млн теңге алатындар – 60 мың теңге, 4,2 млн теңге табысы алатындар 85 мың теңге жарна төлейді.

Өз тілшімізден

ORTALYQ
QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу басталды. Жазылушы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, редакцияда және Kaspi QR арқылы ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 ай 10 447,44 ТҒ
Жеке жазылушылар	6 айға 3 386,60 ТҒ
Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 айға 5 882,60 ТҒ
Жеке жазылушылар	6 айға 3 074,60 ТҒ

Анықтама телефоны:

41-26-85, 8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

✉ E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Мекенжайымыз:

Еркемов көшесі, 33 үй, 8-қабат

СЕРІК АҚСҰҢҚАРҰЛЫ – 75 ЖАС

Алаштың алақанындағы ақын

Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлының Алаштың алақанындағы ақын екенін Арқа тосінде дүбірлеп өткен 75 жас мерейтойында тағы бір аңғарды. Жексенбі күні Кеншілер мәдениет сарайында рух шалқыды. Қарағандыда қара өлен салтанат құрды. Көкбөрі ақынның төбесі көкке жетті. Ақсұңқарұлының адуынды жыры аспандады. Маңгілік өлеңнің мөрін алған ақын осылайша құрметтің құшағында, сыйдың сиқырында, шабыттың шалқуында жүрді. Әйтпегенде ше? «XX ғасырдың жиырма сәтінде» отызыншы ғасырдың ойын айтып, Қарағандыда қырық ақын қанаттандырған Ақсұңқарұлының алшандайтындай сәні де, салтанаты да бар. Міне, осының бәрі – өлең-сөзге көрсетілген ілтипаттың өлшемі.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеш шымылдыңын Қазақстан Республикасы Президентінің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Арман Қырықбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатымен ашып берді.

– Мен Серік ағамызбен Қарағандыға қызметке келгенде, 2010 жылы жүзбе-жүз танысқан едім. Сонда ақын ағамыз: «Қарағандының үсті де, асты да қазына. Жасаған еңбегінді еселетіпін ел-жұрт бар мұнда. Саған батамды берейін», – деді. Міне, содан бері ағамыз тілеушіміз болды. Серік ағамыздың өлеңдері мүлдем өзгеше. Жойқын энергия бар. Мерейтойыңыз құтты болып, жүзге келіңіз де, күллі елді таңқалдырыңыз, Аға, – деп өзінің лебізін білдірген Президент көмекшісі ақынның иғына шапан жапты.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мерейтой иесінің ел мәдениетінің дамуына қосқан елеулі үлесі

үшін алғыс білдіріп, құрметін көрсетті.

– Сіз көрнекті ақынсыз, құрметті азаматсыз. Дарыныңызбен қазақ әдебиетіне зор үлес қосып келесіз. Сіздің шығармаларыңыз жастайыңыздан жоғары бағаланып, оқырмандардың ыстық ықыласына бөленді. Сарыарқаның дарынды ақындарын бір арнаға біріктіріңіз. Біз сізбенен мақтанамыз. Сіздің мерейтойыңызды аймағымызда 29 наурыздан бастап, тойлап жатырмыз. Ақынның тойы – халықтың тойы, – деді құттықтауында Ермағанбет Қабдулаұлы.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов пен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың атынан құттықтау хатты ҚР Премьер-министрінің кеңесшісі Ералы Тоғжанов жеткізді.

Мұнымен қоса, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтай Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановтың құттықтауын оқып берді.



► 4-бет

Туристер үшін тазалық маңызды

Балқаш қаласы «Таза Қазақстан» акциясын науқан емес, қалыпты өмір дағдысына айналдырып, жыл он екі ай бойы осы бағытта жұмыс жүргізу жолға қойылды.



гізілген. «Таза Қазақстан» акциясы аясында қала бойынша 120 тонна қоқыс сыртқа шығарылды. Бұл жұмыстарды біз тоқтатпайтын боламыз.



Жалпымаңсаулық экологиялық акциялық жұмыстары жүргізіледі. Себебі, біздің қаламыз туристік қала болғандықтан, туристік маусымға дайын болуымыз керек.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Шағын шаһарда 14 гектардан астам аумақ қоқыстан тазартылған. 19 наурызда басталған «Таза Қазақстан» акциясына жалпы 900 адам қатысқан.

арасында мемлекеттік мекемелер, коммуналдық кәсіпорындар, компаниялар мен аумақтық басқармалардың қызметкерлері бар.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазакмыс корпорациясы» ЖШС 2025 жылдың 16 сәуірінен бастап, «Қарағанды облысындағы Спасск мыс кені аймағында мыс, алтын және ілеспе компоненттерге барлау жүргізу» барлау жоспарының қоршаған ортаны қорғау бөлімі (КОКБ) үшін қоғамдық талқылау форматында қоғамдық

тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Бұл қарар ету аумақтары: Қарағанды облысы Абай ауданы, Бұқар жырау ауданы және Осакаров ауданы.

Table with 6 columns: Бұрыштық нүкте нөмірі, Географиялық координаталары (Солтүстік ендік, Шығыс бойлық), Бұрыштық нүкте нөмірі, Географиялық координаталары (Солтүстік ендік, Шығыс бойлық). Contains multiple sections for different areas (MP3 1 to MP3 8).

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ОО «Корпорация Казахмыс», сообщает, что проводит общественные слушания в формате публичных обсуждений по разделу охраны окружающей среды (РООС) к «Плану разведки «Проведение разведки меди, золота и попутных компонентов на Спасской недружной зоне в Карагинской области» с

16 апреля 2025 года. Территории воздействия: Карагинская область Абайский район, Бухар жырауский район и Осакаровский район. Географические координаты намечаемой деятельности приведены ниже:

Table with 6 columns: Номера угловых точек, Географические координаты (Северная широта, Восточная долгота), Номер угловых точек, Географические координаты (Северная широта, Восточная долгота). Contains multiple sections for different areas (MP3 1 to MP3 8).

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазакмыс корпорациясы» ЖШС, БСН: 05014000656. Өкілі: А.С. Аманкелдіна, тел. 8(7212) 95-74-01, эл. мекенжайы: aitolkyn.amankeldina@kazakhmys.kz.

орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап https://ndbecology.gov.kz сілтеме бойынша 5 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.

Инициатор намечаемой деятельности: ООО «Корпорация Казахмыс», БИН: 05014000656. Представитель: Аманкелдіна А.С., тел.: 8(7212) 95-74-01, эл. адрес: aitolkyn.amankeldina@kazakhmys.kz.

gov.kz и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке https://ndbecology.gov.kz.

Алаштың алақанындағы ақын



(Соңы. Басы 1 бетте)

Сонымен қоса, кеш иесі Серік Ақсұңқарұлына Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің құттықтау хатын Қалқаман Сарин, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның хатын министрліктің Архив құжаттама және кітап ісі комитеті Кітап ісі басқармасының басшы-

Мұқышева, Қарағанды жоғарғы гуманитарлық колледжінң хоры ақынның сөзіне жазылған «Сарыарқа менің», «Қарқаралы», «Балқантау – аққулар мекені», «Шайтанкөл», «Қарағанды вальси», «Үш тауыма-ай», «Өмір деген – Күнді айналау», «Есіл мен Нұра», «Мәңгілік Ел» секілді сырлы әндерді шырқады.

С.Сейфуллин атындағы академиялық



сы Алмаз Мырзахмет, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің сый-сияпатын әкім орынбасары Есет Байкен табыстады.

казак драма театрының талантты әртістері сомдаған «Жарық пен Түнек жыры» мен «Муза қыз бен мансап атты мәртебелі мырза туралы баллада» қойылымына халық зор қошемет пен ықылас танытты.

Шәкірті, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты Мирас Асан кеш иесіне арнап «Ақын зертханасы» атты өлеңін оқыды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайрат Кемалов Серік Ақсұңқарұлының «Рунтың шалқуы» өлеңін оқығанда кеш тақырыбы тап басып қойылғандай қол соқты ел-жұрт.

Ақтоғай ауданының «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамблі орындаған Қарқаралының әнұранына айналған «Шайтанкөл – аққулар мекені» әні кештің шырайына шырай қосты.

Кеш соңын ақын өзі түйіндеп, көпшілікке шалқыған көңілін жеткізді. «Үстараның жүзінде» атты сиясы кеппеген өлеңін оқып беріп, бақытты ақын басын иді.

Жыр кешінің бейресми бөлігінде Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжол ақынның Атымтай жерлері атынан темір тұлпар мінгізіп, кілтін табыстады.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТУРНИР

Дәстүрлі дода дүбірі

Қарағандыдағы «Достық» үйінде II «Senat Open» Ашық кубогының облыстық іріктеу кезеңі өтіп, онда облыстың барлық қала, аудандарынан келген 121 әуесқой шахматшы бақ сынады. Айтулы бәсекеге мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, мемлекеттік қызметкерлер, ардагерлер, әйелдер және журналистер егтілік танытып, өзара мықтыларды анықтады. Ақымды дода Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың бастамасымен Қазақстан шахмат федерациясының президенті Тимур Турловтың қолдауымен шахматты дәріптеу және бұқаралық спортты қолдау мақсатында осымен екінші рет өткізілді.

Арқа төсіндегі турнирдің іріктеу кезеңіне қатысқан 121 әуесқой шахматшының 99-ы мәреге ұпаймен жетті.

29 маусымда Семей қаласында өтетін «Орталық» аймақтық кезеңінің жартылай финалында Қарағанды облысының намысын қорғайтын 35 үздік шахматшы анықталды.

Жеке есепте Абай аудандық мәслиха-

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Ашылу салтанатында Қазақстан шахмат федерациясының президенті Тимур Турловтың бейнеқұттықтауы ел назарына ұсынылды.

Қарағанды облыстық мәслихаты мен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастырған облыстық іріктеу кезеңінің ойындары бәсекеге толы болды.

– Шахмат түрлі сала өкілдеріне, атап айтсақ, мемлекеттік қызметкерлерге, депутаттар, қоғамдық кеңес мүшелері, ардагерлер мен журналистерге бір алаңда кездесуге мүмкіндік береді. Бұл ойын ғана емес, мұнда бейресми жағдайда түрлі сала өкілдері достасып, әңгімелесіп, өзара тәжірибе алмасты. Ойын мақсаты – аға буын мен жас буынды біріктіріп, жастарға зияткерлік спорттың қызықты, пайдалы әрі бұқаралық сипатын насихаттау. Быыл кубок 46 кезеңнен тұрады. Оның 23-ін өткіздік. Енді жартысы қалды. Бұл кезеңнің өтуіне облыс әкімдігі, облыстық мәслихат, аудан, қала әкімдіктері мен мәслихаттары тікелей атсалысып отырғанын айрықша атап айту керек, – дейді турнир директоры және Қазақстан шахмат федерациясының вице-президенті, «Senat Open» Ашық кубогын өткізудің кураторы Александр Бабенко.

Шараға Қарағанды облыстық шахмат федерациясының төрағасы Николай Симонянның арнайы қатысқанын атап өту керек.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев те шахмат ойынында шеберлі-



гиле 2024 жылы іріктеу кезеңінде екінші орынды иеленген.

Турнирге қатысуда облыстық мәслихат депутаттары белсенділік танытып келеді.

Облыстық мәслихаттың депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссияның төрайымы Қадияша Оспанова шахматты көп жылдан бері ойнап жүрсе де, өзін кәсіпқойлар санатына қоспайды.

– Шахмат логиканы, стратегиялық ойлауды дамытады. Сонымен қатар, шахматтың ойынды қорытып, санаңызды қайта ретке келтіретін әсері мол. Ең бастысы – жас ұрпақтың көбірек қатысуын қадағалап, бұл ойынның белсенді зияткерлік спорт түрлерден кем түспейтінін көрсету, – дейді Қадияша Базарбайқызы.

Турнирдің Бас төрешісі – FIDE халықаралық төрешісі Батырбек Нұрмағам-

тының депутаты Бекмұрат Ағзамов пен Теміртаудан келген еңбек ардагері Төлеген Төлеуов, 7,5 ұпай жинады. Бірақ, қысқартылған Бухгольц коэффициенті бойынша Ағзамов ІІ орынға шықты. Ал, Төлеген Төлеуов ІІІ орынға жайғасты.

Командалық есепте Абай ауданы мен Теміртау командаларынан басым түскен облыс орталығы Қарағанды қаласының шахматшылары жеңімпаз атанды.

Жеке және командалық есептегі жеңімпаздар мен жүлдегерлерден бөлек, арнайы санаттағы қатысушылар да медальға ие болды.

Атап айтсақ, ардагерлер арасында – Төлеген Төлеуов, әйелдер арасында – Сараннан келген Гүлден Әлімбаева (жалпы есепте 30-орын), мәслихат депутаттары мен қызметкерлері арасында – Бекмұрат Ағзамов, қоғамдық кеңес өкілдері арасында – Приозёрск ойыншысы Нұржан Бөлегенов (10-орын), БАҚ өкілдерінің арасында – облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің қызметкері, әріптесіміз Аралым Коктаева (46-шы орын).

2025 жылы «Senat Open» Ашық кубогы үш кезеңнен тұратын форматы өзгеріссіз қалды. 21 ақпаннан 18 мамырға дейінгі кезеңге барлық облыстар мен республикалық маңызы бар қалаларды қамтитын 20 іріктеу турнирі жоспарланған.

Бүгінде дейін оның алғашқы кезеңдері – 21 ақпанда – Түркістанда, 23 ақпанда – Шымкентте, 16 наурызда – Астанада және 31 наурызда Павлодарда өткен. Бұл жарыстарға 500-ге жуық әуесқой шахматшы қатысты.

Одан кейін, 15 маусымнан 9 тамызға дейін аймақ қағидасы бойынша – еліміздің Солтүстігі, Орталығы, Оңтүстігі, Батысы мен Шығысы бойынша бөлек-бөлек бес жартылай финал өтеді. Бұл кезеңдердің жеңімпаздары 29 тамызда Астанада үлкен финалда бақ қосады.

Биыл да өткен жылдағыдай маңызды шектеу бар. Қатысушылардың Эло рейтингі (классика, рапид немесе блитц – кез келген форматта) 2025 жылдың 1 қаңтарында 2000-нан төмен болуы керек.

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО

• БОКС

Азия аламанына жолдама

Атырау облысында Кеңес Одағының бес дүркін жеңімпазы, «Халықаралық дәрежедегі спорт шебері» Болат Теміровті еске алуға арналған бокстан ерлер арасында ІІ Халықаралық турнир өткен болатын. Оған Қарағанды облысының атынан тоғыз боксшы қатысып, бір алтын, бір күміс және үш қола жүлдемен оралды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бір аптаға созылған тартысты бәсекеге елдің түпкір-түпкірінен кіл мықтылар келген. Тіпті, ұлттық құрама сапындағы боксшылар да қолғап түйістірді. Ал, турнирдің жеңімпаздары келер айда өтетін Азия чемпионатына жолдама иеленді. Бұл қатарда жерлесіміз Ермек Ерасыл да бар.

Ол осы турнирде 63,5 келі салмақ дәрежесінде сынға түсіп, алтыннан алқа тақты.


– Осы турнирде төрт кездесу өткіздім. Қарсыластарымның осалы жоқ. Турнирдің алдында Алматыда 21 күн бойы ұлттық құрама сапында оқу-жаттығу жиындарын өткіздік. Сол жерде қатар дайындалған серіктесіммен ақтық кезеңде қолғап түйістірдік. Одан бөлек, ол қарсыласыммен Талдықорғанда өткен

ел чемпионатының жартылай финалында жұдырықтасқанбыз. Енді осы айдың жиырымында Өзбекстанда оқу-жаттығу жиындары өтеді. Ұлттық құрамамен сол жақта дайындалып, Азия чемпионатына аттанамыз, – деді чемпион.

Одан бөлек, осы турнирде 75 келіде бақ сынаған жерлесіміз Ислам Советов ІІ орынды иеленді. Ал, 54 келіде өнер көрсеткен Нұрислам Бикенов, 75 келідегі Дамир Симеев, 67 келідегі Райымбек Асылбеков чемпионаттың қола жүлдегерлері атанды.

Сурет Ермек Ерасылдың жеке мұрағатынан



<p>ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет</p> <p>Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС</p> <p>Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА</p> <p>Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ</p> <p>Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА</p> <p>Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК</p> <p>Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН</p> <p>Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ</p> <p>Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ</p>	<p>Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;</p> <p>Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19</p>	<p>• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. • Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. • Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. • Материалдың жариялану ақысы төленген ☑</p> <p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VRY00030163 куәлігі берілді.</p> <p>Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ұй.</p> <p>Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru</p>
		 <p>Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.</p>
		<p>«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZKX БИН 000840001412</p> <p>Таралымы 4 725 №37 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.</p> <p>Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор ЕРХАНАТ КЕҢЕСБЕКҰЛЫ</p>